



САРЫАРҚА

21 мамыр, сенбі
2011 жыл
www.saryarka-samaly.kz

САМАЛЫ

КІТАПХАНА



№ 56
(14693)

ГАЗЕТ 1929 ЖЫЛҒЫ 15 АҚПАННАН ШЫҒАДЫ

ПАВЛОДАР ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТІ

Мұхтар Арынның туғанына - 75 жыл

Көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ұлағатты ұстаз, ұлт жанашыры, қанатын жайып қамқоршы бола білген Мұхтар Ғалиұлы Арын осы мамыр айында 75 жасқа толар еді. 1995 жылы бақилық сапарға аттанып кете барды. Халқына бергенінен беретіні мол азамат еді деп біледі елі. Білетін қауымның есіне салып, жеткіншек жастардың назарына, аталарының өнегелі өмірінен айтқанды жөн санадым. Марқұмның жатқан жері жарық, иманды болсын! Өнегелі ісімен ел жадында қала береді.

*Жаратқан ұрпақтарын тегі Арын,
Заманда мойындатқан тұма дарын.
Қалдырған тіршілікте Мұхтар аға,
Ізі тұр ұқсамайтын жеке сарын.
Жүріп өттім көшесін аты тұрған,
Мұражайын аралап біліп құрған.
Келісіп, қол алысып, тұсау кесіп,
Елбастары ықылас көңіл бұрған.
Терең ой, Нар қазақ пен Бес анық,
Айта берсең шығарма тұрған жанып.
Пайдасы мол келешек, бүгінгі мен,
Халқы бар оқып жатқан сүйіп танып.
Ақтөбе, Талдықорған мектеп барын,
Шәкірттер, елге мәлім, бәрі дарын.
Шет тілдік, көп салалы болашағы,
Атымен аталады Мұхтар Арын.*

*Қоғамның еңсерген ег әр саласын,
Сағынышпен көретін бар даласын.
Үйретті, оқытты ғылым жолын,
Өркендет ел болар жұрт баласын.
Жалғастыруда ұрпағы Ерлан, Нұрлан,
Сіңірген бойына нәр әке нұрған.
Жалғасып ғасырларға еңбектері,
Халқының жүрегіне маржан жырған.
Жиылды жұрт, ғалымдар кезек күткен,
Шақырағы ғылымның Керекуден.
Ғылыми конференция Ақтөбеге,
Сарапталды, сәтті іс күні жеткен.
Жалғасын тауып тұрған Жетісуда,
Кездесед ғалымдары елдің нуга.
Аруағың разы болсын Мұхтар аға,
Қалдырып кеткен сыйлық жетпес баға.*

Жұ - Мар Зекен СОПТАНБАЙТЕГІ.



*Талдықорған, Ақтөбе жері шалғай,
Айтайын көргенімді тілім талмай.
Жетісу өңірінде дүние танып,
Өмірге өткен тұлпар қамшы салмай.*